

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Алғашқы көлік

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.01.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/66982/>

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Бөлімнің атауы:

«Көлік және жол белгілері» Мектеп: «№45 бейімделген орта мектебі» КММ

Күні:

Мұғалімнің аты-жөні:

Уркунчинова Назгуль Маркленовна

Сынып:

Пәні: қазақ тілі Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Сабақтың тақырыбы Әлемдегі алғашқы көлік

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары 5.1.3.1 -тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;

Сабақ мақсаттары

Барлық оқушылар орындай алады:

Тыңдалған мәтін мазмұнын түсінеді, негізгі ақпараттарды анықтайды

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Тыңдалған мәтін мазмұнын жете түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, ойларын білдіреді

Кейбір оқушылар орындай алады:

нақты мысалдарды өмірмен байланыстыра отырып, өз көзқарастарын білдіреді

Тілдік мақсаттар Оқушылар орындай алады: «Сәлемдеме жіберіңіз», «Бейнетаспада ой бөлісу», «Ақпаратты сүзу», «Маңыздылық аймағы», «Жылдам дебат», «Галереяны шарлау», «Ойлы болсаң озып көр», «Попкорн», «Бутерброд», «Тәтті -қатты», «Рефлексивтік экран» әдістері

Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:

темір тұлпар, ұлы дала жеті қыры, ат міну мәдениеті,

«Атсыз күйме» жанармай, маркалар т.б

Талқылауға арналған сұрақтар:

Көліктердің қоршаған ортаға тигізер пайдасы мен зияны қандай?

Ұлы даланың жеті қырының бірі неге жылқыға арналған деп ойлайсыңдар?

Құндылықтарға баулу Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы, ұлттық код құндылығы ішінара жүзеге асырылады.

Пәнаралық байланыс Әдебиет, тарих, география

Алдыңғы оқу

5 мин С. 1.Топқа бөлу (көлік түрлеріне қарай : әуе көліктері, құрлық көліктері, су көліктері) топ ережесін еске түсіру.

2.Психологиялық жағымды ахуал туғызу (топтар бір -біріне жылы лебіздерін білдіреді)

3. «Сәлемдеме жіберіңіз» әдісі арқылы үй тасырмасындағы қайталау сұрақтары қойылады. Сәлемдеменің ішінен ең соңында жаңа тақырып атауы шығады (Көлік)

Оқушылардың көлік жайлы ойларын білу, жетекші сұрақтар қою

Жоспарланған

уақыт Жоспарланған жаттығу түрлері Ресурстар

Жаңа сабақтың

басы Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты таныстырылады. (Слайдта)

Сабақтың ортасы

5 -7 мин

Бағалау критерийлері

1.Мәтін мазмұнын түсіну

2. жақсылап жеткізу

Бағалау критерийлері

мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды табу

Бағалау критерийлері

1.Тақырыпқа сай қызықты болуы

2.Түсінікті жеткізе алуы Т.

Тыңдалым тапсырмасы (3 мин) Бейнетаспамен ой бөлісу

«Ең алғашқы көлік» тыңдайды, ой бөліседі.

Оқулықтағы осы мәтінді 3-топқа бөліктер арқылы беру. «Ойлан, жұптас талқыла» әдісі арқылы талқылайды.

«Жылдам дебат» әдісі арқылы әр топтан екі баладан шығып өз тақырып бөліктерін тоқтаусыз айтып шығады.

ҚБ. «Попкорн» (ауызша комментарий айтқысы келген бірнеше оқушының біреуі ғана өз ойын айта алады)

Дескриптор:

1.мәтінді түсінеді

2.жақсы жеткізеді

Т.

1-топ

«Ақпаратты сүзу» әдісі

2-топ

«Маңыздылық аймағы» әдісі

3-топ

Бейнеге келтіру

ҚБ «Бутерброд» әдісі: 2 мадақ, 1 сын

Дескриптор:

Негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратады, табады.

Мұғалімнің сындарлы кері байланысы

Т.

3 — тапсырма

«Галереяны шарлау» әдісі арқылы тақырыпқа сай суреттерге қарап ой бөліседі

Мұғалім талқылауға арналған жуан сұрақтар қояды.

1. Қазіргі мен бұрынғы көліктің ерекшеліктері кандай деп ойлайсыңдар?

2. Көліктердің қоршаған ортаға тигізер пайдасы мен зияны қандай?

3. Қоғамдық көліктердегі мәдениеттілік жайлы не білесіңдер?

Ж.

«Ойлы болсаң озып көр»

Кейбір оқушылар алын ала берілген қосымша ізденіс жұмыстарымен ой бөліседі.

Бағалау дескрипторлары:

- Көліктер жайлы қызықты мәліметтер айтады
- өз көзқарасын түсінікті жеткізеді

ҚБ « тәтті -қатты»

Ұлы даланың жеті қыры

Атқа міну мәдениеті

Бейнетаспа (Жылқының 10 ерекшелігі)

Т.

Топтарға 3 негізгі сөздер беріледі қазақша соны латынша жазғызу тапсырылады.

Көлік, Жылқы, Ұлы дала

Ғаламтор

A3 флипчарт, маркерлер

Сабақтың

соңы

4 мин

Рефлексия

«Рефлексивтік экран»

1. Бүгінгі сабақтан ұққаным ...
2. Мен үшін жаңалық болғаны ...
3. Мен үшін түсінуге қиын болғаны

Мұғалімнің сындарлы кері байланысы

Ұлы даланың туын әрдайым биікке көтеретін, жылқы мінезді, жылқыдай өз иесіне сенімді, адал болса, сендер еліміздің нағыз патриоттары болыңдар демекпін.

Үй тапсырмасы: Шағын эссе «Атқа міну мәдениеті»

Қосымша мәлімет

Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?

Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)

1-тапсырма бойынша.

Қолдауды көп қажет ететін оқушыларға – «Ойлан, жұптас талқыла» әдісін беремін, себебі оқушылармен бірлесе отырып тақырыпты түсінуге жеңіл болады.

Қолдауды көп қажет ететін оқушыларға – «Галереяны шарлау» әдісін беремін, себебі ойларын білдіре алады

Қолдауды аз қажет ететін оқушыларға — «Ақпаратты сүзу», «Маңыздылық аймағы», «Жылдам дебат», әдісі тиімді, себебі оқушылар берілген тапсырманы орындай алады, ойларын нақты жеткізеді

Қолдауды қажет етпейтін оқушыларға-

«Ойлы болсаң озып көр» әдісі арқылы кейбір оқушылар, өз көзқарасын білдіріп, өздік ізденіс жұмысын бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып айтады. «Бутерброд», «тәтті - қатты», «Попкорн», «Рефлексивті экран» әдістері оқу мақсатына жетуге тиімді деп ойлаймын Пәнаралық байланыс — қазақ әдебиеті және тарих, география пәндері. Тапсырмаларды беру барысында АКТ -ны тиімді пайдалану жүзеге асырылады. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы құндылығы ішінара жүзеге асырылады.

Сабақ бойынша рефлексия

Жалпы бағалау

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты):

- 1.
- 2.

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

- 1.
- 2.

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың

жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.